

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2026 жылғы 23 ақпандағы № 87-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 25 ақпанда № 38038 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық:

1) 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының жүзінші және жүз тоғызыншы абзацтарын;

2) 2026 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2 және 7-тармақтарын;

3) 2026 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының жүз оныншы, жүз елу төртінші, жүз жетпіс төртінші, екі жүз он төртінші, екі жүз отыз бірінші, екі жүз отыз екінші, екі жүз отыз үшінші, екі жүз қырық жетінші, екі жүз елу жетінші және екі жүз сексен екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 23 ақпандағы
№ 87-н/қ Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 275) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының кезінде электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің энергия өндіруші ұйымдарынан және электр энергиясын жеткізушілерден (өндірушілерден) электр энергиясын сатып алу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығының ішкі субъектілеріне және басқа елдердің тұтынушыларына сату, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларын айқындау, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығы тұтынушылары үшін тарифтерді саралау арқылы атаулы қолдауды жүзеге асыру, электр энергиясын бірыңғай сатып

алушының шартты тұтынушылар мен гибридті топ әкімшісінің, инвестициялық тарифті алушылардың, үкіметаралық тарифті алушылардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағалары мен көлемдерін есептеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындарды бөлу, электр энергиясының шекті тарифтерге сағаттық мөлшерлемелерін, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушысына сатып алынған электр энергиясына ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және энергия өндіруші ұйымдардан сатып алынған электр энергиясына ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін айқындау, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясына квотаны айқындау тетігін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге және электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу туралы шарттар жасасу жағдайлары мен тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

2) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"2) базалық баға – цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын субъектілерді, инвестициялық тарифті алушыларды, үкіметаралық тарифті алушыларды, жасыл энергия тұтынушыларды, атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген субъектілерді және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тиісті сағатта электр энергиясын көтерме сауда нарығы субъектілеріне сататын баға.";

28) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"28) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы – орталықтандырылған сауда операторы жүргізетін электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері қатысатын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы;"

мынадай мазмұндағы 29), 30), 31) және 32) тармақшалармен толықтырылсын:

"29) инвестициялық тариф – Заңда көзделген тәртіппен айқындалған, іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық міндеттемелерді жабу үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған сағаттық тариф;"

30) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект);

31) үкіметаралық тариф – осы Қағидаларда көзделген тәртіппен айқындалған, іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған жобалар бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған сағаттық тариф;

32) үкіметаралық тарифті алушы – осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілетін үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Энергия өндіруші ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және қайталама энергия ресурстарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын оның электр желілері орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана сатуды жүзеге асырады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан кем электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан кем бөлігінде талап мыналарға қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдар;

2) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын тіршілікті қамтамасыз ету объектілері, оның ішінде мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорындар;

3) Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша және (немесе) Тұлғалар тобының тізілімінде олармен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан және (немесе) олармен бір гибриді топқа кіретін гибриді топ әкімшісінен және (немесе) жаңартылатын көздерден ғана сатып алуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады.

Бұл ретте жүйелік оператор "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты негізінде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан ұлттық электр желісінің технологиялық және өндірістік мұқтаждарына Заңның 10-бабы 2-2-тармағында көрсетілген жағдайларда электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алады.

Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінен (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) оқшауланған жұмыс салдарынан электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан ұлттық электр желісінің технологиялық және өндірістік мұқтаждарына электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде электр энергиясын өткізетін электр энергиясын жеткізушілерден Қазақстан Республикасының аумағына тікелей шетелдік өндірушінің атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден электр энергиясын сатып алады.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Заңның 13-бабының 7-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар, тұтынушылар, оның ішінде инвестициялық тарифті алушылар, үкіметаралық тарифті алушылар және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын цифрлық майнерлер жүйелік оператормен Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасады.";

мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2 тармақтармен толықтырылсын:

"11-1. Инвестициялық тарифті алушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидаларында (бұдан әрі – Инвестициялық тариф қағидалары) айқындалған тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алады.

11-2. Үкіметаралық тарифті алушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Барлық энергия өндіруші ұйымдар желіге жіберілетін электр энергиясын тек электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатуды жүзеге асырады, осы қағидаларға 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша және (немесе) олармен бір адамдар тобына

кіретін тұтынушыларға, не олармен бір гибриді топқа кіретін гибриді топтың әкімшісіне тиісті шарттар жасасады және Заңның 13-бабының 3-1-тармағына сәйкес олармен электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады.

Олармен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын өткізетін, энергия өндіруші ұйымдар және олармен бірге бір гибриді топқа кіретін, гибриді топтың әкімшісі Заңның 13-бабы 3-1-тармағының екінші абзацына сәйкес электр энергиясын адамдар тобынан және гибриді топтан тыс сатуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте электр энергиясын өз мұқтажы үшін одан әрі сатусыз сатып алатын заңды тұлға тұтынушы болып танылады.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымның осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарына сәйкес өткізуіне мәлімделмеген электр энергиясының көлемі арттыруға теңгерімдеуге қатысуға өтінім беру жолымен өткізілуге жатпайды.

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым Заңның 10-бабы 2-2-тармағында және 13-бабы 16-тармағында көрсетілген жағдайларда электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.";

19-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Заңның 13-бабы 3-2-тармағына сәйкес энергия өндіруші ұйымға мынадай тыйым салынады:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны және (немесе) онымен бірге адамдардың бір тобына кіретін тұтынушыларды, не онымен бір гибриді топқа кіретін, гибриді топтың әкімшісін қоспағанда, электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын өткізу (сату);

2) келісілген хаттамалар бойынша сағаттық есепке алу деректерін жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық дерекқорына беруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі болмаған кезде электр энергиясын өткізу (сату);

3) Заңның 9-4-бабы 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электр энергиясын цифрлық майнерлерге өткізу (сату);

4) егер Заңның 13-бабы 16-тармағында өзгеше көзделмесе, электр энергиясын басқа энергия өндіруші ұйымнан сатып алу (сатып алу).";

24-тармақта:

15) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"15) қолдау тарифін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын жасыл тарифтер бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр

энергиясын жасыл энергияны тұтынушыға қысқа мерзімді (бір жыл) немесе ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) негізде сатады;"

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 20) тармақшасында көзделген жағдайда уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен инвестициялық тарифті алушыдан алынған қаражатты электр энергиясын бірыңғай сатып алушының базалық бағаларын төмендетуге жібереді.";

36 және 37-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы, есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде теңгерімдеуші нарық жүйесінде бекітілген нақты теңгерімнің электрондық көшірмесін жариялайды.

Бекітілген нақты теңгерім деректері заңды күшіне енген сот актісі негізінде немесе барлық мүдделі тараптармен келісілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің өтініші негізінде есеп айырысу кезеңіндегі нақты теңгерім бекітілген кезден бастап жалпы талап қою мерзімінің өтуі шегінде түзетіледі.

Егер мынадай құжаттар ұсынылған жағдайда:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығының өтініш білдірген субъектісінің атына электр энергиясын беру желілері бойынша жүзеге асырылатын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар жүйелік операторға осы түзетуді көрсете отырып, өз желілері бойынша түзетілген теңгерімді ұсынса;

2) электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемі өзгертілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті өкілдер қол қойған осындай түзетуді жүргізуге келісім хаттарын ұсынса, жолданымды барлық мүдделі тараптар келіскен болып есептеледі.

Бекітілген нақты теңгерімде есепті кезеңде берілген және тұтынылған электр энергиясының нақты көлеміне әсер етпейтін грамматикалық немесе арифметикалық қателер анықталған жағдайда жүйелік оператор көрсетілген қателерді дербес түзетеді.

Жүйелік оператор түзетулер және (немесе) бекітілген нақты теңгерімдегі қателерді түзету жүргізілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген түзетулер және (немесе) түзетулер көрсете отырып, барлық мүдделі тараптарды жазбаша хабардар етеді. Бұл хабарлама бекітілген нақты теңгерімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

37. Электр энергиясының бірыңғай сатып алушысынан сатып алынған электр энергиясының көлемдеріне ақы төлеуді электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі бір-бірінен кейінгі 2 (екі) кезеңде:

1) электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті болжамды бағалары бойынша, сатып алуға арналған өтінімге сәйкес, электр энергиясын сатып алудың мәлімделген көлемі үшін тәуліктік алдын ала төлем (бұдан әрі – алдын ала төлем);

2) электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті нақты бағалары негізінде осы кезеңде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша нақты есеп айырысу бойынша төлем.";

40-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"40. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі (цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін қоспағанда) сатып алуға тиісті өтінім берген кезде операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 08.00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Көтерме сауда нарығы субъектісі үшін үшінші тұлғадан түскен алдын ала төлемді есепке алуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын сатып алу-сату шартына сәйкес үш жақты қосымша келісім негізінде 8 (сегіз) жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады. Алдын ала төлемді есепке жатқызу, алдын ала төлем сомасын және пайдасына алдын ала төлем жүзеге асырылатын көтерме сауда нарығы субъектісін көрсете отырып, үшінші тұлғадан жазбаша хабарлама алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, өзара есеп айырысудың негізі барлық тараптар қол қойған өзара есеп айырысу актісі болып табылады. Өзара есеп айырысу актісі пошта, электрондық пошта арқылы немесе басқа электрондық құжат айналымы құралдары арқылы алынуы мүмкін."

47-тармақта:

б) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"б) жасыл энергияны тұтынушысы үшін тарифті айқындау қағидаларына сәйкес, айқындалатын жасыл тарифті қолдау нақты мәніне теңестіріледі;"

мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) инвестициялық тарифті алушы үшін – тәуліктің осы сағатындағы инвестициялық тарифтің нақты мәніне теңестіріледі, ол Инвестициялық тариф қағидаларына сәйкес айқындалады;

8) үкіметаралық тарифті алушы үшін – осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес айқындалатын тәуліктің осы сағатындағы үкіметаралық тарифтің нақты мәніне теңестіріледі.";

48-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"48. Есепті кезең үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына осы кезеңнің сағаттарында одан сатып алынған электр энергиясы үшін нақты төлем көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сатып алу.нақт}}^{\text{БС}} = \left(\sum_{i=1}^{\text{Най}} \left(B_{\text{нақт.}i}^{\text{ЕЗ(1)}} * W_{\text{сат.алын.}i} \right) + \sum_{i=1}^{\text{Най}} \left(B_{\text{нақт.}i}^{\text{БС(2)}} * W_{\text{сат.алын(2)}i} \right) \right) * \text{ҚҚС мөлшерлеме}$$

$S_{\text{сатыпалу.нақт}}^{\text{БС}}$

– есепті кезеңде (күнтізбелік айда) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына осы кезеңнің сағаттарына сатып алынған электр энергиясы үшін нақты төлем көлемі теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-пен;

$B_{\text{нақт.}i}^{\text{ЕЗ(1)}} B_{\text{нақт.}i}^{\text{ЕЗ(2)}}$

– осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес айқындалатын есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) і-сағатына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты бағасы теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{сат.алын.}i}$

– осы сағатқа сәйкес есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) осы сағаты жататын электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті бекітілген тәуліктік графигіне (түзетулерді ескере отырып) сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемі кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{сат.алын(2)}i}$

– электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті бекітілген тәуліктік графигіне (түзетулерді ескере отырып) сәйкес осы субъектінің электр энергиясын сатып алудың осы сағатқа сәйкес келетін ең төменгі рұқсат етілген сағаттық көлемінен асатын есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) І-сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі оған есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) осы сағаты, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) жатады;

$\sum_{i=1}^{\text{Най}}$

– і бойынша сома;

і – 1-ден бастап Най дейінгі өзгертін реттік нөмір;

Най– тиісті есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) сағат санын көрсететін өлшемсіз коэффициент;

ҚҚС мөлшерлемесі – қосылған құн салығының ставкасы.

Электр энергиясын сатып алудың ең төменгі рұқсат етілген сағаттық көлемінің мәндері электр энергиясының шартты тұтынушылары және гибридті топтардың әкімшілері болып табылмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін нөлге теңестіріледі.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының есептік кезең (күнтізбелік ай) сағаттарына электр энергиясын сатуға арналған нақты бағалары теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы қалыптастырылған өзара есептесулер тізілімі теңгерімдеуші нарық есеп айырысу орталығының ресми интернет-ресурсында жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес тиісті есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін жарияланады.";

73-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"73. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде жүйелік оператор ескеретін басым туындау туралы өзекті ақпараттың болуын қамтамасыз етеді.

Осы Қағидалардың 25-тармағының 2) және 3) тармақшалары бойынша ақпаратты электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр станциялары бойынша бөліністе ұсынады.";

105-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызмет жүйелік оператормен жасалған шарт негізінде төленеді:

1) Заңға сәйкес электр энергиясының экспортын жүзеге асыру кезінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

2) Заңға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда, электр энергиясының импортын жүзеге асыратын көтерме сауда нарығының субъектілері;

3) шартты тұтынушылар, гибридті топтың тұтынушылары олардың құрамына кіретін объектілер үшін электр энергиясын сатып алған кезде, олардың құрамына кіретін туындау объектілерінен де, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан да (оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясының үлесін бөлу кезінде Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 7) тармақшасына сәйкес) және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы;

4) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан екіжақты шарттар бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған кезде;

5) ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру кезінде басқа мемлекеттердің уәкілетті ұйымдары.

Шектес мемлекеттерге электр энергиясын жеткізуді және шектес мемлекеттерден электр энергиясын сатып алуды, Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын мемлекетаралық беруді немесе шектес мемлекеттердің электр желілері бойынша электр энергиясын транзиттеуді көздейтін электр энергиясын сатып алу-сату шарттары техникалық өткізу бөлігінде жүйелік оператормен келісуге жатады.";

114 және 115-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"114. Құрамына қуаты Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын генерациялайтын қондырғылар кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме мынадай формула бойынша айқындалады (электр энергиясын сату көлемі үшін, оларды құруды осы генерациялайтын қондырғылар есебінен жүзеге асыру жоспарланып отыр):

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} + 3,0 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}}\right)$$

$C_{\text{сағ}}$

– тәуліктің белгілі бір сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме;

$W_{\text{сағ(рм)}}$

– Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын электр энергиясының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) электр энергиясының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы тәуліктің осы сағатында бірыңғай электр энергиясын сатып алушыға сатқан электр энергиясын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберу көлемі;

$W_{\text{min(рм)}}$

– осы тәулікке электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі, электр қуаты нарығында электр қуатының

дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын, заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын электр энергиясын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберудің ең аз сағаттық көлемі.

Осы тармақта көрсетілген сағаттық мөлшерлеме Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын генерациялайтын қондырғылардың электр энергиясы бөлігінде ғана қолданылады (нөлге тең емес).

Сағаттық мөлшерлеме

$C_{\text{сағ}}$

кезінде нөлге тең

$W_{\text{сағ}}(p_m) = 0 \text{ МВт}$ (нөлге тең).

2027 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

115. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысатын көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме () былайша айқындалады:

$C_{\text{сағ}}$

= 1,0 – тәулік сағаты үшін, сағат 00:01-ден 04:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

=1,15 – тәулік сағаты үшін, сағат 04:01-ден 08:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,30 – тәулік сағаты үшін, сағат 08:01-ден 15:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,45 – тәулік сағаты үшін, сағат 15:01-ден 18:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,6 – тәулік сағаты үшін, сағат 18:01-ден 21:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

=1,45 – тәулік сағаты үшін, сағат 21:01-ден 23:00-ге дейін;

= 1,3 – тәулік сағаты үшін, сағат 23:01-ден 00:00-ге дейін.

2027 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.";

121-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"121. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде ай сайын, есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларға 5-қосымшаның 2, 4, 4-1, 4-2 және 5-тармақтарына сәйкес айқындалатын алдағы есеп айырысу кезеңінің сағаттарына (әрбір сағатқа) электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы жарияланады.";

124-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) желілеріне тиісті тұтынушы қосылған энергия өндіруші ұйымды көрсете отырып, инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі;

6-2) үкіметаралық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына арналған барынша шекті тарифті көрсете отырып, үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі";

126-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"126. Бірыңғай сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша өзінің интернет-ресурсында мыналарды:

- 1) тәуліктің нақты сағаттарына арналған базалық бағаның нақты мәндерін;
- 2) тәуліктің нақты сағаттарына арналған жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің нақты мәндерін;
- 3) тәуліктің нақты сағаттарына арналған жасыл тарифтің нақты мәндерін;
- 4) тәуліктің нақты сағаттарына арналған инвестициялық тарифтің нақты мәндерін;
- 5) тәуліктің нақты сағаттарына арналған үкіметаралық тарифтің нақты мәндерін жариялайды."

1-қосымшада:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығында энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға, цифрлық майнерлерге, инвестициялық тариф алушыларға, үкіметаралық тарифті алушыларға электр энергиясын сату шарты";

кіріспеде

2) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын

ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары) негізге ала отырып, цифрлық майнерлертөмендегілер туралы осы бірыңғай сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығында энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға және цифрлық майнерлерге электр энергиясын сату шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты;"

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Инвестициялық тариф қағидалары)";

1-тармақта:

8) және 9) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"8) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – жүйелік оператор бекіткен, көтерме нарыққа қатысушылар электр энергиясын орталықтандырылмаған сатып алу-сату және электр энергиясын орталықтандырылған сауда нарықтарында көтерме сауда нарығына қатысушылар жасаған электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттарға сәйкес әр күнтізбелік тәулікке электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағаттық шамаларын регламенттейтін құжат;"

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Көтерме сауда нарығы қағидаларында айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект).

10) үкіметаралық тарифті алушы – Көтерме сауда нарығы қағидаларында айқындалған тәртіппен үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.";

мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2 тармақтармен толықтырылсын:

"11-1. Инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген Сатып алушы үшін электр энергиясының көлемі үшін нақты төлем Инвестициялық тариф қағидаларына сәйкес есептелген осы субъектінің тиісті есептік кезеңінің әрбір сағатына нақты инвестициялық тариф бойынша жүргізіледі.

11-2. Үкіметаралық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген Сатып алушы үшін электр энергиясының көлемі үшін нақты төлем Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген осы субъектінің тиісті есептік кезеңінің әрбір сағатына нақты үкіметаралық тариф бойынша жүргізіледі.";

5, 6, 8, 9 және 10-қосымшалар осы Тізбеге 1, 2, 3, 4 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 260) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу тәртібін, Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесін теңгерімдеу аймақтарын айқындауды, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің жүйелік операторға жоғарылатуға (төмендетуге) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беруді, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің жоғарылатуға (төмендетуге) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерін іріктеу және іске қосуды, теңгерімдеуші электр энергиясының көлемін, теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға сағаттық орташа өлшенген бағаларын есептеуді, теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеуді, теңгерім провайдерлерінің тізбесін қалыптастыру тәртібін, теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысулар тізілімін қалыптастыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

38-тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"38) жүйелік оператордың генерацияны арттыруға арналған диспетчерлік командасы – генерациялайтын жабдықты қосуға немесе ажыратуға және (немесе) энергия өндіруші ұйымдардың генераторларының белсенді жүктемесін өзгертуге арналған жүйелік оператордың командасы;"

мынадай мазмұндағы 39) және 40) тармақшалармен толықтырылсын:

"39) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидаларында айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект);

40) үкіметаралық тарифті алушы – электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында айқындалған тәртіппен

үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілетін үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.";

73-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"73. ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}} = B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} + \sum_{i=1}^n (B_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}} * \Delta_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}})$$

мұнда:

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ішінде сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$$

– жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын тәуліктің осы сағатында РФ-мен шекарада оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін ЭЭТН ЕАО төлейтін баға, теңге/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$$

– тәуліктің осы сағаты үшін РФ-мен шекарадағы оң ауытқудың мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^n -i$$

бойынша сома;

i – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-на теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатқан көршілес ОА мемлекеттерінің саны;

$$B_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}}$$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және тәуліктің осы сағаты үшін ОА шекарасындағы оң ауытқуға сәйкес келетін

теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін і-ші баға, теңгемен/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}}$$

– тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы оң ауытқудың і-ші мәні кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).";

75-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"75. Жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}} = B_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}} * \Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}} + \sum_{i=1}^n (B_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}} * \Delta_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}),$$

мұнда:

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына РФ-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын баға, теңгемен/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}}$$

– РФ-мен шекарадағы теріс ауытқудың мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^n$$

і бойынша сома;

і – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алған көршілес ОА мемлекеттерінің саны;

$$B_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына ОА шекарасындағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін і-ші баға, теңгемен/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}$$

– тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы теріс ауытқудың і-ші мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).";

78-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"78. Теңгерімдеу аймағында операциялық тәулік сағатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған теңгерімсіздік формула бойынша айқындалады:

$$T = (\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}) - (\Gamma_{\text{факт}} - T_{\text{факт}}),$$

мұнда:

T – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағатында кВт*сағ-та жасаған теңгерімсіздігі (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы;

$$(\Gamma_{\text{факт}} - T_{\text{факт}})$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің нақты генерация-тұтыну сальдосы кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$\Gamma_{\text{жоспарлы}}$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын генерация-тұтынудың сағаттық тәуліктік графигінде операциялық тәуліктің осы сағаты үшін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру мәні кВт *сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$T_{\text{жоспарлы}}$$

– электр энергиясын генерация-тұтынудың сағаттық тәуліктік графигінде операциялық тәуліктің осы сағаты үшін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтыну мәні, оның осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) сәйкес келеді;

$\Gamma_{\text{факт}}$

– операциялық тәуліктің осы сағатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын өндірудің нақты мәні кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$T_{\text{факт}}$

– операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын тұтынудың нақты мәні кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді).

Бұл ретте энергиямен жабдықтауға лицензиясы бар субъектілердің теңгерімсіздіктері энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға қатысатын генерация-тұтыну объектілері бойынша (бұдан әрі – ЭЖҰ теңгерімсіздігі) және қалған генерация-тұтыну объектілері бойынша (бұдан әрі – АЭК теңгерімсіздігі) бөлек есептеледі.

Инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген субъектінің генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктері тиісті инвестициялық тариф қолданылатын кезеңде осы субъектінің (бұдан әрі – инвестициялық тарифті алушылар) басқа генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктерінен бөлек есептеледі.

Үкіметаралық тарифті алушылары тізбесіне енгізілген субъектінің генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктері тиісті үкіметаралық тариф қолданылатын кезеңде осы субъектінің (бұдан әрі – үкіметаралық тарифті алушылар) басқа генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктерінен бөлек есептеледі.";

87, 88 және 88-1-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"87. ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін жоғарылатуға арналған сағатта ЭЭТН ЕАО-ға мынадай тәртіппен айқындалатын баға бойынша сатады:

$$Ц_{\text{ЖҚАР}(-)} = B_{\text{ТЭЭШТ}(-)} \cdot m + B_{\text{ШТ}} \cdot 1,3 \cdot l,$$

мұнда:

$C_{ЖҚАР(-)}$

– ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздік субъектісінің сату бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{ТЭЭШТ(-)}$

– теңгерімдеуші электр энергиясының шекті тарифі теңгемен/кВт*сағ, жүзден біріне дейін дөңгелектенеді;

$B_{шт}$

– ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымның, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның осы сағатта теңгерімдеуші аймақта теріс теңгерімсіздік жасаған жағдайда қолданылатын шекті тариф теңге/кВт*сағ, жүзден біріне дейін дөңгелектенеді.

m , 1 – өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайды:

$m=1$ егер есептелгенге дейін бір немесе екі сағатта осы субъект ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздікке жол бермесе, сондай-ақ егер осы сағаттың бағыты жоғарылатуға болса;

$m=0$ егер есептелгенге дейін екі сағатта осы субъект ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздікке жол берсе немесе осы сағаттың бағыты төмендетуге болса;

$l=0$ егер $m=1$;

$l=1$ егер $m=0$.

ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық он теңгерімсіздіктерін 0,01 теңге/кВт*сағ тең баға бойынша теңгерімдеуші электр энергиясын ЭЭТН ЕАО-дан сатып алу арқылы жабады.

Осы тармақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарына, ЖҚАР жүйесінің басқаруында жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйелеріне қолданылмайды.

88. Энергия беруші ұйымдар ЭЭТН ЕАО-ға теріс теңгерімсіздіктерін мына формулалар бойынша айқындалатын бағалар бойынша сатады:

$$B_{(-)}^{АЭК} = B_{болж.сағ.}^{БС} \cdot k,$$

мұнда:

$$B_{(-)}^{АЭК}$$

– теріс теңгерімсіздіктердің ЭЭТН ЕАО-ның сатып алу бағасы теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{болж.сағ.}^{БС}$$

– тәуліктің берілген сағатындағы бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы, теңгемен/кВт*сағ;

k

– өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайды:

егер

$$\left| \frac{\Delta_{(-)}^{АЭК}}{(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})} \right| > 0,2$$

, онда $k=0,7$;

егер

$$\left| \frac{\Delta_{(-)}^{АЭК}}{(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})} \right| \leq 0,2$$

, онда $k=1$;

егер

$$(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы}) = 0.$$

, онда $k=0,7$, мұнда:

$$\Delta_{(-)}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында энергия беруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін энергия беруші ұйымның кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы;

Энергия беруші ұйымдар өздерінің оң теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші электр энергиясын ЭЭТН ЕАО-дан сатып алу арқылы мына формуланы пайдалана отырып жабады:

$$B_{(+)}^{АЭК} = B_{болж.сағ.}^{БС} \cdot k,$$

мұнда:

$B_{(+)}^{АЭК}$

– оң теңгерімсіздіктерді ЭЭТН ЕАО сату бағасы теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{болж.сағ.}^{БС}$

– тәуліктің осы сағатындағы бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы, теңгемен/кВт*сағ;

k

– өлшемсіз коэффициент, мына мәндерді қабылдайды:

егер

$$\frac{\Delta_{(+)}^{АЭК}}{(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})} > 0,2,$$

, онда $k=1,3$;

егер

$$\frac{\Delta_{(+)}^{РЭК}}{(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})} \leq 0,2$$

, онда $k=1$;

егер

$$(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы}) = 0,$$

онда $k=1,3$, мұнда:

$\Delta_{(+)}^{АЭК}$

– теңгерімдеу аймағында энергия беруші ұйым жасаған оң теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді)

$(\Gamma_{жоспарлы} - T_{жоспарлы})$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін энергия беруші ұйымның кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы.

Жүйелік оператор үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары мен концессиялық келісімдер негізінде салынған, ұлттық электр желісіне қосылған, аймақаралық және (немесе) 220 киловольт және одан жоғары кернеулі электр беру желілері, қосалқы станциялар, тарату құрылғыларының пайдалануын жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдар өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін ЭЭТН ЕАО-ға сатады және барлық оң теңгерімсіздіктерін ЭЭТН ЕАО-дан теңгерімдеуші электр

энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы бойынша тиісті көлемде сатып алу арқылы өтейді, бұл ретте өлшемсіз коэффициентінің мәні бірге тең.";

Аталған тармақ реттеуші теңгерімсіздіктерге, ЭЖҰ теңгерімсіздігіне, сондай-ақ басқа субъектілермен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

101. Есепті кезең ішінде (күнтізбелік ай) теңгерімдеу аймағында субъектіден сатып алған теңгерімдеуші электр энергиясы және теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектіге осы кезең үшін төлейтін төлемінің жиынтық көлемін ЭЭТН ЕАО мына формула бойынша есептейді:

$$S''_{\text{ай}} = S_{\text{ай}(-)} + S_{\text{ээт.ай}} + S_{\text{жқар.ай}(-)} + S_{\text{дк.ай}(-)} + S_{\text{авар.ай}(-)} + S_{\text{гэс.ай}(-)}$$

, мұнда:

$$S''_{\text{ай}}$$

– есепті кезең үшін жиынтық (күнтізбелік ай) кезеңдегі теңгерімдеуші электр энергиясы және теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектінің атына ЭЭТН ЕАО-ның жиынтық көлемі, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ай}(-)}$$

– ЭЭТН ЕАО есепті кезең (күнтізбелік ай) ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздіктер (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін субъектіге төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ээт.ай}}$$

– ЭЭТН ЕАО есепті кезең (күнтізбелік ай) ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін субъектіге төленетін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{жқар.ай}(-)}$$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъектіге төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) (егер субъект ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істемесе, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{дк.ай}(-)}$$

– жүйелік оператордың генерацияны арттыруға берілген диспетчерлік командаларын орындау нәтижесінде жасалған теріс теңгерімсіздіктер үшін теңгерімдеу аймағында есептік кезеңде (күнтізбелік ай) ЭЭТН ЕАО субъектіге төлейтін сомасы, теңгемен (егер субъект жүйелік оператордың генерацияны арттыру үшін берілген диспетчерлік командаларын орындау нәтижесінде теріс теңгерімсіздіктер жасамаған болса, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{авар.ай}(-)}$$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында "Авария" режимінде жүйелік оператордың командаларын орындау нәтижесінде жасалған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЭЭТН ЕАО субъектіге төлейтін сома, теңгемен (егер субъект,

Жүйелік оператордың командаларын "Авария" режимінде орындау нәтижесінде теріс теңгерімсіздіктер жасамаса нөлге теңестіріледі);

$S_{\text{ГЭС.ай(-)}}$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағындағы теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру туралы шарт жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер кезеңінде табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері графигінесәйкес құрамында электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанция бар субъектінің теріс теңгерімсіздіктері үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сомасы (жүзден біріне дейін дөңгелектеледі), теңгемен.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін

$S_{\text{дк.ай(-)}}$

өзгерілетін шама мәні нөлге теңестіріледі.";

103 және 104-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"103. Осы Қағидаларға сәйкес ЭЭТН ЕАО жүзеге асыратын есеп айырысулардың нәтижелерін ол осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының әрбір субъектісі бойынша теңгерімдеуші нарық жүйесінде жариялайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жариялауды теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы ай сайын, бірақ тиісті есептік кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген есеп айырысу нәтижелерін жариялау теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының ресми интернет-ресурсында да қайталанады.

Жарияланған есеп айырысуларда сәйкессіздіктер анықталған кезде субъектілер 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүйелік операторға және ЭЭТН ЕАО-ға жазбаша түрде өтініш жібереді.

Жүйелік оператор және (немесе) ЭЭТН ЕАО келіп түскен ескертулерді қабылдаған кезде қайта есеп айырысу жүргізіледі. Жаңартылған есеп айырысулар ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

Өтініштер болмаған жағдайда немесе есеп айырысулар қайта жарияланған күннен бастап, ЭЭТН ЕАО Қағидалардың 137-тармағына сәйкес теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысулар тізілімін қалыптастырады.

104. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді төлеуді теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуға жасалған шарттар және теріс теңгерімсіздіктер, сондай-ақ қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші нарыққа қатысушылар ай сайын, бірақ заңның 15-10-бабының 9-тармағына сәйкес сатып алу айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген төлем Заңның 15-10-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне және 13-тармағының 10) тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу

орталығы жүргізетін қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші нарыққа қатысушылар арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу (сату) жөніндегі міндеттемелер және теңгерімдеуші нарықтағы теріс теңгерімсіздіктер бойынша өзара есептеулер және осы қағидалар арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарттар жасасқан субъектілер есептік кезеңнің қорытындылары бойынша, егер олардың есепті кезеңдегі теріс теңгерімсіздіктерді сатудан түскен жиынтық табысы олардың теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға арналған есепті кезеңдегі жиынтық шығындарынан асып кетсе, ЭЭТН ЕАО-дан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында төлем алмайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарттар жасасқан субъектілер жасалған келісім/шарт негізінде теріс теңгерімсіздіктерді сатудан және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудан түскен кірістер мен шығыстар арасындағы оң айырмашылықты ЭЭТН ЕАО пайдасына өтеусіз береді.

Осы тармақтың 4-бөлімінде көрсетілген шарттар орындалмаған кезде ЭЭТН ЕАО Қазақстан Республикасы Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасаған субъектілердің кірістері мен шығыстары арасындағы оң айырмашылықтан түскен ақшалай қаражатты уақытша ЭЭТН ЕАО-ның шоттарына орналастырады.";

122-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"122. Субъектілер Заңның 15-10-бабының 2-тармағына сәйкес ЭЭТН ЕАО-мен жасалған теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартына бір мезгілде тиісті өзгерістер енгізе отырып, азаматтық заңнамаға сәйкес және бір күнтізбелік айдан кем емес жарамдылық мерзімімен жасалатын жауапкершілікті беру шарты бойынша теңгерімдеудің бір аймағы шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне береді.

Жауапкершілікті беру шарты жасалған, өзгертілген немесе бұзылған кезде ЭЭТН ЕАО-мен жасалған теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартына өзгерістер енгізу субъект ЭЭТН ЕАО-ға жүгінген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүргізіледі.

Бұл ретте теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне тапсырушы субъект жауапкершілікті беру шартын жасасу, өзгерту немесе бұзу жөніндегі хабарламамен ЭЭТН ЕАО-ға айдың 25-күнінен кешіктірмей өтініш білдіреді.

Атаулы қолдау алушы, инвестициялық тарифті алушы және үкіметаралық тарифті алушы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерім провайдері болып табылмайды және теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне бермейді.";

125 және 126-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"125. Теңгерімдеу аймағындағы теңгерімсіздік провайдерінің тәулік сағатындағы теңгерімсіздігі теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілері берілген сағат үшін теңгерімсіздік аймағында жіберілген теңгерімсіздік мөлшеріне арттырылған теңгерімсіздік сомасы ретінде айқындалады (бұдан әрі – алгебралық қосынды).

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы үшін теңгерімсіздіктердің алгебралық сомасы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін бөлек айқындалады.

126. Осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жасаған реттеуші теңгерімсіздік алгебралық сомаға енгізілмейді.

129-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"129. Теңгерім провайдерлері ЭЭТН ЕАО қалыптастыратын, ЭЭТН ЕАО интернет-ресурсында жарияланатын провайдерлер тізбесіне енгізіледі.

Субъект бір теңгерімдеу аймағы шеңберінде бір теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шарттарын жасасады. Бұл ретте өз құрамында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және бірыңғай сатып алушымен және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардың объектілері бар субъектілер осы объект бойынша бірыңғай сатып алушымен жауапкершілік беру шартын жасасады.

ЭЭТН ЕАО теңгерім провайдерін мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген кезде провайдерлер тізбесіне енгізеді:

1) энергия өндіруші ұйым болып табылатын субъект басқа энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімсіздігін қаржылық реттеу үшін жауапты қабылдамайды;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, екі және одан да көп энергия өндіруші ұйым, оның ішінде өнеркәсіптік кешен болып табылатын электр энергиясын өндіру-тұтынудың өзіндік теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті бір теңгерім провайдеріне бермейді;

3) энергия беруші ұйым теңгерім провайдері болып табылмайды.;

Теңгерім провайдерлерінің тізбесін өзектілендіруді ЭЭТН ЕАО жауапкершілікті беру шарттарын жасасу (бұзу) фактісі бойынша тиісті жасасқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар,

электр энергиясын өндіру-тұтынудың өз теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне берген жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар төмендетіп немесе жоғарылатып реттеуге қатысуға өтінімдер бермейді.

1) және 2) тармақшалар электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес белгілі бір кезеңге Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес орташа тәуліктік қуаты кемінде 1 МВт көлемінде қуат нарығының тұтынушысы болып табылатын өнеркәсіптік кешендерге сатып алу мерзімінде қолданылмайды. Бұл ретте өнеркәсіптік кешеннің электр энергиясын сатуға арналған бекітілген шекті тариф осы Қағидалардың 90, 92, 94, 96 және 98-тармақтарында теңгерім провайдері үшін теңгерімсіздіктер бойынша бағаларды есептеу кезінде қолданылмайды.";

132-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"132. Жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар:

1) өзінің барлық оң теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Заңның 15-10-бабының 16-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін арттыру коэффициентіне көбейтілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен электр энергиясын сатып алудың қолданыстағы шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша тиісті көлемде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады;

2) өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және есеп айырысу-қаржы орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша уәкілетті орган Заңның 15-10-бабының 5-тармағына сәйкес айқындаған тәртіппен есептелетін төмендету коэффициентіне көбейтілген баға бойынша сатады.

Осы тармақта көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәні жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды

Осы тармақта көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік мәнінің модулі жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген

электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шартын жасасқан жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген коэффициенттердің мәні осы шарттардың қолданылу кезеңіне 1-ге теңестіріледі.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін арттыру және азайту коэффициенттерінің мәндері мынадай тәртіппен айқындалады:

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 1,3-ке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәніне жол берілетін ауытқу диапазонынан асады;

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 0,7-ге теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік модулінің мәніне жол берілетін ауытқу диапазонының мәнінен асады.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін рұқсат етілген ауытқу мәндері жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жоспарлы жіберу мәнінен $\pm 5\%$ диапазонына тең болады.";

134-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"134. ЭЭТН ЕАО ай сайын ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында мынадай құжаттарды жариялайды:

1) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу;

2) теңгерімдеуші нарықтың субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімі.";

137-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"137. Теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімі ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында есеп айырысулардың соңғы жарияланған теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеуде көрсетілген ақпарат негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылады.";

мынадай мазмұндағы 159 және 160-тармақтармен толықтырылсын:

"159. ЭЭТН ЕАО теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша қызмет үшін ай сайынғы жоспарлы кірісті

(S_{plan}^{EAO}) .

, бекітеді, теңгемен.

160. ЭЭТН ЕАО сағаттық теңгерімдеуші электр энергиясының және сағаттық теңгерімсіздіктердің алдын ала есеп айырысуларын алғаннан кейін ай сайын теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату қызметі бойынша кірісті

$(S_{initial}^{EAO})$.

, теңгемен, мына формула бойынша айқындайды:

$$S_{initial}^{EAO} = S'_{ай} - S''_{ай}$$

, мұнда:

$S'_{ай}$

– 100-тармаққа сәйкес айқындалатын есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) субъектінің теңгерімдеуші электр энергиясы және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында одан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлеген төлемінің жиынтық көлемі

».

$S''_{ай}$

– 101-тармаққа сәйкес айқындалатын есепті кезең үшін жиынтық (күнтізбелік ай) кезеңдегі теңгерімдеуші электр энергиясы және теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектінің атына ЭЭТН ЕАО-ның жиынтық көлемі.

Егер ағымдағы есепті кезеңде

$S_{initial}^{EAO}$

мәні

S_{plan}^{EAO}

мәніне тең болмаған жағдайда ЭЭТН ЕАО

$S_{initial}^{EAO}$

мәні

S_{plan}^{EAO}

тең болатын деңгейге дейін

$S_{ай}^{опер}$

мәнін түзетеді.";

бұйрыққа 8-қосымшада:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теңгерімдеу аймағындағы энергия беруші ұйымдардан тәулік сағатына

$(S_{\text{сағ}}^{\text{АЭК}})$

теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{АЭК}} = \sum_{j=1}^z S_{\text{сағ}(+)j}^{\text{АЭК}} - \sum_{i=1}^w S_{\text{сағ}(-)i}^{\text{АЭК}}$$

мұнда:

$$\sum_j^z = 1$$

- j бойынша сома;

j – 1-ден z-ке дейін өзгертін реттік нөмір;

z – осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында оң теңгерімсіздік жасаған электр немесе жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті шарттар негізінде көрсететін энергия беруші ұйымдар субъектілерінің саны;

$S_{\text{сағ}(+)j}^{\text{АЭК}}$

– осы Қағидалардың 88-1-тармағына сәйкес тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған j-м энергия беруші ұйым жасаған оң теңгерімсіздік үшін ЭЭТН ЕАО энергия беруші ұйымға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^w$ –

i бойынша сома;

i – 1-ден w-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

w – осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында теріс теңгерімсіздік жасаған электр немесе жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті шарттар негізінде көрсететін энергия беруші ұйымдар субъектілерінің саны;

$S_{\text{сағ}(-)j}^{\text{АЭК}}$

– осы Қағидалардың 88-1-тармағына сәйкес тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған, i-ші энергия беруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздік үшін ЭЭТН ЕАО энергия беруші ұйымға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

Осы тармақ теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру туралы шарт жасасқан энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне, ЭЖҰ-ның теңгерімсіздіктеріне, сондай-ақ субъектілердің реттеуші теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағындағы ЭЭТН ЕАО операциялық шығындары

$$(S_{\text{сағ}}^{\text{опер}})$$

, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) мына формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{опер}} = \frac{S_{\text{ай}}^{\text{опер}}}{\Delta_{\text{сағ}\Sigma(-)}^{\text{ҚР(қолд)}} + \Delta_{\text{сағ}\Sigma(+)}^{\text{ҚР(қолд)}} + \Delta_{\text{сағ}\Sigma(\text{б/р})}^{\text{ҚР(қолд)}}} \cdot \Delta_{\text{ч}(+/-)}^{\text{ҚР(қолд)}}$$

, мұнда:

$$S_{\text{ай}}^{\text{опер}}$$

– есепті кезең (күнтізбелік ай) үшін ЭЭТН ЕАО айқындайтын түзету сомасы, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}\Sigma(-)}^{\text{ҚР(қолд)}}$$

– энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген барлық теңгерімдеу аймақтарында есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін субъектілер жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}\Sigma(+)}^{\text{ҚР(қолд)}}$$

– энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген барлық теңгерімдеу аймақтарында төмендету сағаты ретінде айқындалған есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}\Sigma(\text{б/р})}^{\text{ҚР(қолд)}}$$

– энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында реттеусіз сағат ретінде айқындалған есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді)

;

$$\Delta_{c(+/-)}^{KP(\text{қолд})}$$

– тәулік сағатына байланысты мынадай екі мәннің бірін қабылдайтын мән:

1) энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында субъектілер тәуліктің бір сағатында жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты төмендету сағаты ретінде айқындалса;

2) энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатында субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты жоғарылату сағаты ретінде айқындалса;

3) тәуліктің бір сағаты реттеусіз сағат ретінде айқындалса, энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ішінде субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

”;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

”6-1. Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теңгерімдеу аймағында тәулік сағатына

$$(S_{\text{сағ}}^{\text{ГЭС}})$$

теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанция кіретін субъектіден теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ГЭС}} = \sum_{j=1}^z S_{(+)\text{сағ},j}^{\text{ГЭС}} - \sum_{i=1}^w S_{(-)\text{сағ},i}^{\text{ГЭС}}, \text{ мұнда:}$$

$$\sum_j^z = 1 - j$$

бойынша сома;

j – 1-ден z-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

z – осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында оң теңгерімсіздік жасаған, теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер

кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциясы бар субъектілердің саны;

$$S_{\text{сағ}(+),j}^{\text{ГЭС}}$$

– осы тәулік сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған реттеуші теңгерімсіздікті қоспағанда, осы Қағидалардың 93 және 95-тармақтарына сәйкес теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулердің графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін, j-ші субъект жасаған оң теңгерімсіздік үшін ЭЭТН ЕАО-ға теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулердің графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін субъект төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^w -i \text{ бойынша сома;}$$

i – 1-ден w-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

w – осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында теріс теңгерімсіздік жасаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциясы бар субъектілердің саны.

$$S_{\text{сағ}(-),i}^{\text{ГЭС}}$$

– осы тәулік сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған реттеуші теңгерімсіздікті қоспағанда, осы Қағидалардың 91 және 97-тармақтарына сәйкес теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулердің графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін, i-ші субъект жасаған теріс теңгерімсіздік үшін ЭЭТН ЕАО теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулердің графигіне сәйкес құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін субъектіге төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектеледі).".

3. "Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10550 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларында:

43-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"43. Цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық мынадай жағдайларда өткізілмеген болып есептеледі:

1) белгіленген мерзімде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан цифрлық майнерлердің алдын ала төлем сомалары туралы ақпарат болмаған кезде;

2) электр энергиясын сатып алуға арналған сауда сессиясына қатысуға электрондық сауда жүйесіне цифрлық майнерлердің өтінімдері болмаған кезде."

4. "Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында:

2-қосымшада:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Қабылданған өзгерістерге сәйкес k_4 коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$k_4 = 1 - \left(\frac{\sum_{i=1}^m P_{\text{белг.ав.}i} \times \chi_{\text{ав.}i} \times Z}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^k P_{\text{белг.ав.}i} \times \chi_{\text{пр.}i}}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^q P_{\text{шек.}i} \times \chi_{\text{шек.}i} \times Z}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^t P_{\text{шек.сез.}i} \times \chi_{\text{шек.сез.}i}}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} \right)$$

, мұндағы:

n – энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялайтын қондырғыларының жалпы саны;

m – авариялық немесе жоспардан тыс жөндеудегі немесе резервтен тыс күйдегі энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының саны;

k – жоспарлы жөндеу ұзақтығы номиналды жоспарлы жөндеу кезеңінің ұзақтығынан асып кеткен энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының саны;

q – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған жөндеу өтінімдерінің нақты саны;

t – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған жөндеу өтінімдерінің нақты саны;

i – сәйкесінше 1-ден: k, m, n, q немесе t -ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

z – өлшемсіз коэффициент:

$z=1$, жабдықты авариялық және (немесе) жоспардан тыс жөндеуге шығарудың бірыңғай жағдайы кезінде немесе жоспардан тыс тәртіппен резервтен тыс жағдайда;

$z=2$, егер осы шығару жабдықты авариялық және (немесе) жоспарланбаған жөндеуден пайдалануға бергеннен кейін 72 сағаттан ерте болмаған жағдайда, есепті кезеңде сол ірі блокты жабдықты (қазанды, генераторды немесе турбинаны) жоспардан тыс тәртіппен авариялық және (немесе) жоспарланбаған тәртіппен жоспардан тыс жөндеу немесе резервтен тыс жай-күйге;

$P_{\text{белг.ав.}i}$ – авариялық немесе жоспардан тыс жөндеудегі немесе жоспардан тыс тәртіпте резервтен тыс күйдегі, генерациялайтын қондырғының белгіленген электр қуаты, МВт-та;

$Сағ.ав.}i$ – есептік кезеңде авариялық немесе жоспардан тыс жөндеуде немесе резервтен тыс жағдайда, жоспарланбаған тәртіппен, жүйелік операторға берілген жөндеу өтініміне сәйкес айқындалатын минуттарда генерациялайтын қондырғының нақты тоқтап қалу ұзақтығы;

$R_{\text{белг.жж.}i}$ – жоспарлы жөндеу ұзақтығы номиналды жоспарлы жөндеу кезеңінің ұзақтығынан асатын, генерациялайтын қондырғының белгіленген электр қуаты, МВт-та;

$Сағ.жж.}i$ – жүйелік операторға берілген жөндеу өтініміне сәйкес айқындалатын, номиналды жоспарлы жөндеу кезеңіне қатысты ҰБТ генерациялайтын қондырғыны жоспарлы жөндеу ұзақтығының есепті кезеңдегі нақты асып кету ұзақтығы;

$R_{\text{шек.}i}$ – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымның есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған i -ші жөндеу өтінімінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларын генерацияның электр қуатының жиынтық ағымдағы шектеулерінің мәні, МВт-та;

Сағ.шек.і – есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік айда) энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан і-ші жөндеу өтінімінің іс жүзіндегі ұзақтығы, минуттарда;

Сағ.ай – есептік кезеңнің ұзақтығы, минуттарда;

Рбелг.і– і-нің орнатылған электр қуаты генераторлық қондырғылар;

Рбелг.маус.і – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымның есептік кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған і-ші жөндеу өтінімінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларын генерациялаудың электр қуатының жиынтық ағымдағы шектеулерінің мәні, МВт-та;

Сағ.шек.маус.і – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан і-ші жөндеу өтінімінің есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты қолданылу ұзақтығы, минуттармен;

$\Sigma_{i=1}^m$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^n$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^k$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^t$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^q$ – і бойынша сома.»;

5. "Бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3

желтоқсандағы № 688 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12510 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау қағидаларында:

3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен бірыңғай сатып алушы жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет көлемі) осы Қағидаларға сәйкес дайындалған және есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйым нарық кеңесіне жіберген құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін есептеу (бұдан әрі – Есептеу) бойынша ұсынымдық сипаттағы нарық кеңесінің қорытындысын алғаннан кейін айқындалады.

Нарық кеңесінің қорытындысы Есептеудің осы Қағидаларға сәйкестігі туралы хатты алу арқылы жүзеге асырылады.

Қорытындыны нарық кеңесі құрамына электр станциялары бойынша бөліністе ұсынған жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйым есеп енгізген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде ұсынады.

4. Көрсетілетін қызмет көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$KQK = P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})} - P_{\text{ӨТ}}^{(\text{ЭӨҰ})} - |\delta| - P_{\text{ИК.ТМ}}^{(\text{ЭӨҰ})}, \text{ онда}$$

KQK

– көрсетілетін қызмет көлемі, МВт;

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– ЭӨҰ станцияларының генерациялайтын қондырғыларының (оның жылу жүктемесіне берілген деңгейінде) ең аз электр қуатының тиісті жылдағы жоспардағы ең көп мәні, МВт;

$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– энергия өндіруші ұйымның өзіндік тұтынуының тиісті жылдағы электр қуатының ең көп мәні, энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін сатып алу туралы шартта көрсетіледі, МВт.

$P_{\text{ИКТМ}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– мынадай екі мәnniң ең азы: 1) Заңның 15-4-бабына сәйкес жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім (негізінде) электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органмен жасалғаннан кейін энергия өндіруші ұйым бірыңғай сатып алушымен жасасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі (осы көлемде ескерілген конденсациялық турбиналардың электр қуатының мәндерін шегере отырып) , 2) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін және жылыту іріктеулері бар және күзгі-қысқы кезеңнің өтуі кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылға арналған жоспарлы ең жоғары мәні; 3) Заңның 15-8-бабына сәйкес энергия өндіруші ұйымның бірыңғай сатып алушымен жасасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі.

$|\delta|$

– модуль

δ

, в МВт;

δ –

– дельта, МВт, мынадай формула бойынша есептелетін:

$$\delta = \sum_{i=1}^n (P_{\text{атті}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{СН.ЭС.атті}}^{(\text{ЭС})}) - (P_{\text{мині}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{экспі}}^{(\text{ЭС})})$$

δ

– түзету, МВт-та;

$P_{\text{атті}}^{(\text{ЭС})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының аттестатталған электр қуаты, МВт;

$P_{\text{СН.ЭС.атті}}^{(\text{ЭС})}$

– тиісті аттестаттау нәтижелері бойынша тіркелген энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станцияларының өз мұқтаждарының электр қуаты, МВт;

$P_{\text{мині}}^{(\text{ЭС})}$

– генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) і-ші станцияларының ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$P_{\text{экспі}}^{(\text{ЭС})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының электр энергиясының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартта көрсетілген тиісті жылдағы арналған электр энергиясын экспорттаудың шекті қуаты, МВт;

Егер (дельта) анықтаудың нәтижесінде оның мәні оң (нөлден артық) болса, онда (дельта) мәні нөлге теңестіріледі болады.

Егер көрсетілетін қызмет көлемін анықтау нәтижесінде оның мәні теріс болса, онда көрсетілетін қызмет көлемінің мәні нөлге теңестіріледі."

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{ӨҚ}}^{(\text{ЭӨҰ})} = \sum_{i=1}^n P_{\text{ӨҚі}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

, мұнда

$$P_{\text{ЭК}}^{(\text{ЭЭЭ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынушының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні МВт;

$$P_{\text{ЭК}i}^{(\text{ЭЭЭ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу туралы шартында көрсетілген энергия өндіруші ұйымның *i*-ші электр станциясы меншікті тұтынушының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні, МВт;

$$\sum_{i=1}^n$$

i бойынша сома;

i – 1-ден *n*-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр станцияларының жалпы саны.";

қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 691 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12562 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілетін қызмет электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергия беруші ұйымдар, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, тұтынушылар, оның ішінде инвестициялық тарифті алушылар, үкіметаралық тарифті алушылар және цифрлық майнерлер Заңның 13-бабы 7-2-тармағына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған кезде және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асырған кезде көрсетіледі.

Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілетін қызмет осы Қағидалардың 6-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының басқа субъектілерін қоспағанда, осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне олар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған кезде және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асырған кезде көрсетілмейді.";

36-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Есептік кезеңнің нәтижелері бойынша жүйелік оператор осы Қағидаларға қосымшада ұсынылған нысан бойынша Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімін қалыптастырады. Электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімі облыстардың әкімшілік бөлінісіне, электр энергетикасының белгілі бір объектілерінің белгілі бір әкімшілік не қаржы ұйымдарына заңды тиесілігіне қарамастан энергия тораптары бөлінісінде қалыптастырылады. Көтерме сауда нарығы субъектілерімен өндіріс, беру, тұтыну көлемдерін салыстыру актілерінің көшірмелері, энергия беруші компаниялардың, оның ішінде өңірлік электр желілік компаниялардың электр энергиясын қабылдау-босатудың жиынтық нақты теңгерімдері, шекара маңындағы энергия жүйелерімен салыстыру актілерінің көшірмелері нақты теңгерімді жасау үшін есепті ақпарат болып табылады. Көтерме сауда нарығының субъектілері есепті ақпаратты жүйелік операторға есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін жібереді.

Бекітілген нақты теңгерім деректері заңды күшіне енген сот актісі негізінде немесе барлық мүдделі тараптар келіскен электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің жолданым негізінде есеп айырысу кезеңіндегі нақты теңгерім бекітілген сәттен бастап жалпы талап қою мерзімінің өтуі шегінде түзетіледі.

Егер мынадай құжаттар ұсынылған жағдайда:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығының өтініш білдірген субъектісінің атына электр энергиясын беру желілері бойынша жүзеге асырылатын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар жүйелік операторға осы түзетуді көрсете отырып, өз желілері бойынша түзетілген теңгерімді ұсынса;

2) электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемі өзгертілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті өкілдер қол қойған осындай түзетуді жүргізуге келісім хаттарын ұсынса, жолданымды барлық мүдделі тараптар келіскен болып есептеледі.

Бекітілген нақты теңгерімі берілген және есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының нақты көлеміне әсер етпейтін грамматикалық немесе арифметикалық

қателер анықталған жағдайда жүйелік оператор көрсетілген қателерді өз бетінше түзетеді.

Жүйелік оператор түзетулер және (немесе) бекітілген нақты теңгерімдегі қателерді түзету жүргізілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген түзетулер және (немесе) түзетулерді көрсете отырып, барлық мүдделі тараптарды жазбаша хабардар етеді. Бұл хабарлама бекітілген нақты теңгерімнің ажырамас бөлігі болып табылады.";

қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20700 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесінде:

33 және 34-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"33. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді айқындау кезінде ескерілетін теңгерімдеу үшін үстемеақы теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтің құрамдас бөлігі болып табылады.

34. Теңгерімдеу үшін үстемеақы нөлге теңестіріледі."

8. "Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №161 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларында:

93-тармақ жаңа редакцияда жазылсын.

"93. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда аукциондық сауда-саттық жеңімпазы электр қуатын сатып алу шартының жобасын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде есептеу осы Қағидалардың 104-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімдер өткеннен кейін келесі айдың бірінші күнінен басталатын, 15 (он бес) жылға тең мерзімге аукциондық сауда-саттық нәтижесі бойынша айқындалған генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының эзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф бойынша көрсетілген шартқа қол қояды.

Осы Қағидалардың 104-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімдер өткенге дейін генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды бірінші аттестаттаудан өткізу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алудың басталуы осы Қағидалардың 104-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімдер өткеннен кейінгі келесі айдың бірінші күні немесе мына талаптар орындалған кезде аукциондық сауда-саттық жеңімпазы бірінші аттестациядан өткен айдан кейінгі айдың бірінші күні болып табылады:

1) генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыны мерзімінен бұрын пайдалануға енгізу жоспарланғаны туралы аукциондық сауда-саттық жеңімпазы уәкілетті орган мен бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларда белгіленген генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі аяқталатын жылдың алдындағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей хабарлама жіберуі;

2) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы мен бірыңғай сатып алушы аукциондық сауда-саттық жеңімпазы бірінші аттестациядан өткен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап көрсетілетін қызметтерді сатып алу күнін белгілейтін электр қуатын сатып алу шартына тиісті қосымша келісімге осы Қағидаларда белгіленген генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі аяқталатын жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей қол қоюы;

Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну үшін электр қуатын сатып алу шартында белгіленген мерзімдер өткенге дейін генерацияның маневрлік генерация режимі бар генерациялайтын қондырғыларды бірінші аттестаттаудан өткізу кезінде және осы Қағидалардың 93-тармағы екінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген талаптар орындалған кезде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың басталу күні кейінге шегеріледі және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі он бес (15) жылға тең, аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы бірінші аттестаттаудан өткен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен басталады.

Электр қуатын сатып алу шартына сәйкес белгіленген мерзімдер өткеннен кейін генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды бірінші аттестаттаудан өткізу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алудың басталуы аукциондық сауда-саттық жеңімпазы бірінші аттестаттаудан өткен келесі айдың бірінші күні болып табылады.

Бұл ретте генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, осы тармақтың бірінші бөлігінде

көзделген аукциондық сауда-саттық жеңімпазының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу мерзімі ұлғаю жағына қарай түзетуге жатпайды."

104-тармақ жаңа редакцияда жазылсын.

"104. Электр қуатын сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы бірыңғай сатып алушыға мынадай құжаттар мен ақпаратты ұсынады:

1) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, генерацияның маневрлік режимі бар (электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, бұл ретте газ электр станциялары және гидроэлектр станциялары үшін бұл көшірме электр қуатын сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде ұсынылады;

2) Құрылыс қызметі туралы заңда айқындалған тәртіппен бекітілген генерацияның маневрлік режимі бар (электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі, бұл ретте газ электр станциялары үшін осы көшірме электр қуатын сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 48 (қырық сегіз) ай ішінде, ал гидроэлектр станциялары үшін – электр қуатын сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде ұсынылады.";

3) бірыңғай сатып алушының сұратуы бойынша генерацияның маневрлік режимі бар (электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ететін) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың салыну барысы туралы ақпарат;

4) осы Қағидалардың 95-тармағына сәйкес электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету.

Бұл ретте генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыны салу жобасын іске асыру процесінде аукциондық сауда-саттық жеңімпазына электр қуатын сатып алу шартын кейіннен түзете отырып, аукциондық сауда-саттық жеңімпазы жолдаған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің ауытқуы туралы хабарлама негізінде көрсетілген жобаның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 15 (он бес) %-ға дейін ұлғаю жағына қарай да, кему жағына (электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен) қарай да ауытқуына жол беріледі.

Электр қуатын сатып алу шарты бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің шарттық көлемінен көрсетілген жобаның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметінің көлемін түзету

үшін аукциондық сауда-саттық жеңімпазы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің шарттық көлемінен көрсетілген жобаның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметі көлемінің ауытқуы туралы хабарламаны уәкілетті органға және бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларда белгіленген генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялық қондырғыларды пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі аяқталатын жылдың алдындағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей жібереді."

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына 5-қосымша

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларын айқындау тәртібі

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы былайша айқындалады:

1. Атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы атаулы қолдау алушылар тізіміндегі осы субъект үшін осы сағатқа көрсетілген электр энергиясын сатып алуға арналған бағаға теңестіріледі.

2. Гибридті топтың шартты тұтынушы және әкімшісі болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы (осы субъектінің сатып алу өтінімінде тәуліктің осы сағатына көрсетілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең төменгі сағаттық көлемі бөлігінде) Қолдауға арналған тарифін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңдегі (күнтізбелік айда) энергия көздерін жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің болжамды мәніне теңестіріледі.

3. Шартты тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың сағаттық көлемі бөлігінде осы субъектіні сатып алуға арналған өтінімде тәуліктің осы сағатына көрсетілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең төменгі сағаттық

көлемінен жоғары) осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес айқындалатын осы сағатқа арналған базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

4. Жасыл энергияны тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы Қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған жасыл тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

4-1. Инвестициялық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы Инвестициялық тариф қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған инвестициялық тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

Бұл ретте, инвестициялық тарифті ұсыну басталған күннен бастап алғашқы екі ай ішінде электр энергиясын сатып алудың келесі тәуліктегі нақты сағатында сатуға арналған Бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы осы сағаттағы базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі

4-2. Үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы осы Қағидаларға сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған үкіметаралық тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

Бұл ретте үкіметаралық тарифті беру басталған күннен бастап алғашқы екі айға үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы осы сағатқа арналған базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

5. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық басқа субъектілері үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған алдағы тәуліктердің нақты сағатына болжамды бағасы осы сағаттың базалық бағасының болжамды мәніне теңестіріледі.

6. Базалық бағаның, жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің, жасыл тарифтің, инвестициялық тарифтің және үкіметаралық тарифтің болжамды мәндері бірыңғай электр энергиясын сатып алушы тарапынан алдағы есептік кезеңге (күнтізбелік айға) ай сайын есептеледі.

7. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған базалық бағаның болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу

кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына базалық бағаның нақты мәндеріне теңестіріледі.

8. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

9. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған жасыл тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына жасыл тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

10. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған инвестициялық тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына инвестициялық тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

11. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған үкіметаралық тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына арналған үкіметаралық тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына 6-қосымша

Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәуліктің әрбір сағатына электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сату көлемін есептеу тәртібі

1. Электр энергиясын басым сату көлемін есептеу тәртібі (бұдан әрі – есептеу) мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{ЭК}} = P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})} - P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})} - |\delta| - P_{\text{ИК.ТМ}}^{(\text{ЭӨҰ})} \text{ мұндағы}$$

КҚК

– басымдықпен сату көлемі, МВт-та (мыңнан бір бөлігіне дейін дөңгелектенеді);

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

– жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін жылу электр орталығының генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының МВт-тағы жоспарлы ең жоғары мәні;

$$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

– электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының тиісті жылдағы ең жоғары мәні (ол болған кезде), МВт-та;

РТМ – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңының 15-4, 15-8-баптары бойынша пайдалануға берілетін және жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні;

$$|\delta|$$

– модуль

$$|\delta|$$

, МВт-да;

$$\delta$$

– модуль, МВт-да;

$$\delta$$

– дельта, МВт, мына формула бойынша есептеледі:

$$\delta = \sum_{i=1}^n (P_{\text{атті}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{СН.ЭС.атті}}^{(\text{ЭС})}) - (P_{\text{мині}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{экспі}}^{(\text{ЭС})})$$

δ

– түзету, МВт;

$P_{атті}^{(ЭС)}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының аттестатталған электр қуаты, МВт;

$P_{СН.ЭС.атті}^{(ЭС)}$

– тиісті аттестаттау нәтижелері бойынша тіркелген энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станцияларының өз мұқтаждарының электр қуаты, МВт-та;

$P_{мині}^{(ЭС)}$

– генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) і-ші станцияларының ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$P_{экспі}^{(ЭС)}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының электр энергиясының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шартта көрсетілген тиісті жылға арналған электр энергиясын экспорттаудың шекті қуаты, МВт;

Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі, деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін телеметрия аспаптары болмаған кезде "Электр желілік қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы № 210 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр желілік қағидалар) 191-тармағына сәйкес осы энергия өндіруші ұйымның паспорттық деректеріне сәйкес белгіленген қуаттың мәні қолданылады;

Егер (дельта) анықтаудың нәтижесінде оның мәні оң (нөлден артық) болса, онда (дельта) мәні нөлге теңестіріледі.

Егер көрсетілетін қызмет көлемін анықтау нәтижесінде оның мәні теріс болса, онда көрсетілетін қызмет көлемінің мәні нөлге теңестіріледі.

2. ЭӨҰ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭЭУ})} = \left(\sum_{i=1}^n P_{\text{мин}.i}^{(\text{ЖЭО})} \right), \text{ мұндағы}$$

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭЭУ})}$$

– ЭЭУ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$$\sum_{i=1}^n$$

i бойынша сома;

i

– 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n

– қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының жалпы саны;

$$P_{\text{мин}.i}^{(\text{ЖЭО})}$$

– генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні i -ші ЭЭУ станциясы, МВт.

2-1. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{сп}}^{(\text{ЭБУ})} = \sum_{i=1}^n P_{\text{сп}.i}^{(\text{ЭБУ})}$$

, мұнда

$$P_{\text{сп}}^{(\text{ЭБУ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні МВт;

$$P_{\text{сп}i}^{(\text{ЭВУ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның i -ші электр станциясы меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні МВт-та;

i

бойынша сома;

i

– 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының жалпы саны;

3. ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})} = \left(\sum_{i=1}^n P_{\text{мин}i}^{(\text{ЖЭО})} \right), \text{ мұндағы}$$

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$$\sum_{i=1}^n$$

j

бойынша сома;

j

– 1-ден m -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

m

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде жылыту іріктемелері бар және тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қондырғыларының жалпы саны;

$P_{\text{мин.гқ.}j}$

– ЭӨҰ станциясының j -генераторлық қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейінде) минималды электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы максималды мәні, МВт.

4. ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні мынадай тәртіппен айқындалады:

1) айналымдағы суы бар ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының берілген берілген мәні тиісті жыл үшін ең жоғары есептеледі:

$$Q_{\text{айн}} = \frac{C \cdot (t_{\text{тік}} - t_{\text{кері}}) \cdot (G_{\text{цирк}} - G_{\text{толық}})}{1000} \text{ мұндағы}$$

$Q_{\text{айн}}$

– айналымдағы суы бар ЭӨҰ станциясының жылуды босату қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

C

– судың меншікті жылу сыйымдылығы 1,0 ккал/(кг*С°);

$t_{\text{тік}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша тікелей судың температурасы оС Цельсий градусымен;

$t_{\text{кері}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша кері судың температурасы оС Цельсий градусымен;

$G_{\text{цирк}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша су айналымының ең жоғары мәні, тонна/сағ;

$G_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша қоректендіру мәні, тонна/сағ;

2) ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының берілген берілген ең жоғары мәні тиісті жыл үшін былайша есептеледі:

$$Q_{\text{толық}} = \frac{C \cdot (t_{\text{тік}} - t_0) \cdot G_{\text{толық}}}{1000} \text{ мұндағы}$$

$Q_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының жылуды жіберудің қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал / сағ;

C

– судың меншікті жылу сыйымдылығы 1,0 ккал/(кг*Сo);

$G_{\text{толық}}$

$t_{\text{тік}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша тікелей судың температурасы оС Цельсий градусымен;

t_0

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін бастапқы шикі судың температурасы Цельсий градусымен оС;

$G_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша қоректендіру мәні, тонна/сағ;

3) күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған, жылыту іріктемелері бар ЭӨҰ станциясының барлық жұмыс істеп тұрған генерациялаушы қондырғыларының тиісті жыл үшін берілген жылу жүктемесінің ең жоғары деңгейі есептеледі:

$$Q = Q_{\text{айн}} + Q_{\text{толық}} + Q_{\text{тұщ}} + Q_{\text{ӨҚ}} + Q_{\text{бу}} - Q_{\text{шсық}} - Q_{\text{рсқ}}, \text{ мұндағы:}$$

Q

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық жұмыс істеп тұрған генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі, Гкал/сағ;

$Q_{\text{айн}}$

– айналмалы суы бар ЭӨҰ станциясының жылуды босатудың қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының жылуды жіберудің қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{тұщ}}$ – ЭӨҰ станциясының бастапқы (теңіз) суын тұщыландыру үшін ЭӨҰ станциясының жылуын босату қуатының қажеттілігінің тиісті жылдағы ең жоғары белгіленген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{ӨҚ}}$ – тиісті жыл үшін ЭӨҰ станциясының өз қажеттіліктеріне қажетті жылу шығыны қуатының берілген максималды мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{бу}}$ – тұтынушыларға бу жібере отырып, ЭӨҰ станциясының қажетті жылу шығыны қуатының тиісті жыл үшін берілген ең жоғары мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{шсық}}$

– өткен күзгі-қысқы кезеңдердің (соңғы) бес күнінің ең суық бес күніндегі орташа жылу қуаты көрсетілген бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының ең жоғары су жылыту қазандықтары, Гкал/сағ;

$Q_{\text{рсқ}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күндік көрсетілген бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық редукциялық-салқындату қондырғыларының типтерінің орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

4) күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар және ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі) тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі есептеледі:

$$Q_{\text{гу}} = Q_{\text{белг.ГК}} * \frac{Q_{\text{(ЖЭО)}}}{Q_{\text{белг.ГК}}}, \text{ онда}$$

$Q_{\text{ГК}}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі, Гкал/сағ;

$Q_{\text{белг.ГК}}$

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының Гкал/сағ белгіленген жылу қуаты;

Q

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі, Гкал/сағ;

$Q_{\text{белг.ГК}}^{(\text{ЖЭО})}$

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ

Егер ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының есептелген берілген жылу жүктемесінің деңгейі генерациялаушы қондырғының белгіленген жылу қуатынан асып кетсе, онда ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының берілген жылу жүктемесінің деңгейі оның белгіленген жылу қуатына тең болады. Бұл ретте көрсетілген асып кетудің көлемі мұндай асып кетпейтін ЭӨҰ станциясының басқа

генерациялаушы қондырғылары арасында қайта бөлуге жатады. Қайта бөлудің негіздемесі Есептеуде көрсетіледі.

ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғылары үшін осы тармақшаға сәйкес жүзеге асырылатын есептеулер қолданылмайды. Бұл ретте осындай генерациялайтын қондырғыларға осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын есептеулер қолданылады;

5) осы қондырғыға сәйкес келетін тәуелділік кестесі бойынша ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейінің негізінде осы генерациялаушы қондырғының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) МВт-дағы ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы тиісті жоспарлы ең жоғары мәні айқындалады.

ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғысы үшін ең төменгі электр қуатының жоспарлы ең жоғары мәні ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғысы бу қысымын төмендететін ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің берілген деңгейлерінің сомасы негізінде тиісті тәуелділік кестесі бойынша айқындалады.

5. Есептеу осы Есеп нарық кеңесінің оң қорытындысын алған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Бұл ретте Нарық кеңесі электр станциялары бойынша бөлуде есептеу бойынша энергия өндіруші ұйымдардың қорытындысын ұсынады.

6. Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәулікке электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сатудың шекті көлемін есептеу

1. Параметрлері.

Р/с №	Э О Ұ станциясының атауы *	Параметрлері***			
		торт(5) оС	тік оС	тері оС	Гцирк тонна/сағ
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Кестенің жалғасы

Гтолық тонна/сағ	Қайнал Гкал/сағ	t0 оС	Qтолық Гкал/сағ	Qшсық Гкал/сағ	Qрсқ Гкал/сағ	Qtұщ, Гкал/ сағ	Qөқ, Гкал/ сағ	Qбу, Гкал/ сағ	Q Гкал/сағ
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

Гкал/сағ – сағатына гигакалорий;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан бір бөлігіне дейін көрсетіледі;

** – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталығы (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы);

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

торт(5) – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасы, оС Цельсий градусымен;

ттік – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша тікелей судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

ткері – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша кері судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

Гцирк – ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша су айналымының ең көп мәні, тонна/сағ;

Гтолық – ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша толықтырудың мәні, тонна/сағ;

Қайнал – айналма суы бар ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының тиісті жылдағы берілген ең көп мәні, Гкал/сағ;

t0 - өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін бастапқы шикі судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

Qтолық – толықтыруы бар ЭӨҰ станциясының жылу берудің қажетті қуатының тиісті жылдағы берілген ең көп мәні, Гкал/сағ;

Qшсық – өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күндік үшін ЭӨҰ станциясының көрсетілген бес күндік ішінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ең жоғары су жылыту қазандықтарының орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

Qрсқ – өткен күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік үшін ЭӨҰ станциясының көрсетілген бескүндік ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған редуциялық-салқындатқыш қондырғыларының барлық типтерінің орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

Q – жылыту іріктеуі бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтуға қатыстырылған ЭӨҰ станциясының жұмыс істеп тұрған барлық генерациялайтын қондырғыларының тиісті жылдағы жылу жүктемесінің берілген ең көп деңгейі, Гкал/сағ.

		2-кесте*
	Параметрлері***	

р/с№	ЭӨҰ станциясы ГК атауы**	Q _{белг.гк} , Гкал/сағ	Q ^{ЖЭО} _{белг.гк} , Гкал/сағ	Q _{гк} , Гкал/сағ	P _{мин.гк} , МВт	P ^{ЖЭО} _{мин} , МВт
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						

Ескертпе:

МВт-мегаватт;

Гкал / сағ-сағатына гигакалория;

* – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін әрбір жылу электр орталығы бойынша жеке толтырылады, бұл ретте кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан онға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін, (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеу) бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған жылу электр орталығын генерациялайтын қондырғы;

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

Q_{белг.гк},

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының Гкал/сағ белгіленген жылу қуаты;

Q^(ЖЭО)_{белг.гк},

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған және жылыту іріктемелері бар ЭӨҰ станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты Гкал/сағ.

Q_{гк},

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі Гкал / сағ;

P_{мин.гк},

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{\text{мин.ГҚ}}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та.

3-кесте

р/с№	ЖЭО атауы**	Параметрлері***			
		$P_{\text{мин. ЖЭО}}$ МВт	$P_{\text{мин. ЭӨҰ}}$ МВт	$P_{\text{өт. ЭӨҰ}}$ МВт	КҚК МВт
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Ескерту:

МВт-мегаватт;

Гкал / сағ-сағатына гигакалория;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан бір бөлігіне дейін көрсетіледі;

** – қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталығы;

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЖЭО})}$,

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$,

– ЭӨҰ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының тиісті жылдағы ең жоғары мәні МВт-та;

КҚК,

– құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәулікке электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сату көлемі МВт-қа.

2. Осы есепте көрсетілген барлық генерациялаушы қондырғылардың тәуелділік кестелері (есептеуге қоса беріледі).

Бұл ретте әрбір тәуелділік графигіне осы график бойынша әрбір көрсетілген қадамды егжей-тегжейлі негіздей отырып, тиісті генерациялаушы қондырғының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейінде) ең төменгі электр қуатының тәуелділігін айқындау процесінің қадамдық сипаттамасы қоса беріледі.

Егер ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысында бірнеше бу іріктеуі болған жағдайда, осы тармақта көрсетілген процестің кезең-кезеңімен сипаттамасында іріктеулер арасында будың бөлінуін есептеуде пайдаланылатын негіздеме де көрсетіледі.

Егер есептеу графигін пайдалану үшін іріктеулерден алынған бу энтальпияларының мәндерін пайдалана отырып аралық есептеулер пайдаланылған жағдайда, осы тармақта көрсетілген процестің қадамдық сипаттамасында қолданылған формулалар мен пайдаланылған бастапқы деректердің егжей-тегжейлі сипаттамасы бар осы есептеулер де көрсетіледі.

3. Жергілікті атқарушы органмен келісілген алдағы күзгі-қысқы кезеңге арналған температуралық кестелер, қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін осы есепте көрсетілген барлық жылу электр орталықтары (есепке қоса беріледі).

4. Осы есепте көрсетілген барлық генерациялаушы қондырғылардың паспорттық деректерінің көшірмелері (есепке қоса беріледі).

5. Растайтын құжаттар (есепке қоса беріледі):

1) өткен күзгі-қысқы кезеңдердің (соңғы) әрқайсысының ең суық бес күндік күндері (күндері);

2) өткен бес күзгі-қысқы кезеңдердің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) осы есепте көрсетілген ең жоғары су жылыту қазандықтарының және осы бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының редуциялық-салқындату қондырғыларының барлық түрлерінің жылу қуаттылығының мәндері;

3) өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) сыртқы ауа температурасының мәндері;

4) өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) бастапқы шикі су температурасының мәндері.

6. Есептеулердің қадамдық сипаттамасы (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында көрсетілген формулалар бойынша), олардың нәтижелері бойынша осы есептің 1, 2 және 3-кестелерінде көрсетілген параметрлердің мәндері айқындалған (есептеуге қоса беріледі).

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына 8-қосымша

Тәуліктердің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәнін есептеу тәртібі

1. Тәуліктің нақты сағатына арналған базалық бағаның нақты мәні, теңгеменкВт*сағ(жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Ц_{қалд}^{БС} = \frac{S_{шығын}^{БС} - S_{кіріс}^{БС}}{W_{қалд}^{БС}}, \text{ мұндағы:}$$

$Ц_{қалд}^{БС}$

– тәуліктердің нақты сағатына арналған базалық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ, ҚҚС-сыз (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{шығын}^{БС}$

– тәуліктердің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға электр энергиясын бірыңғай сатып алушы шығындарының сомасы, ҚҚС-сыз, теңгемен;

$S_{кіріс}^{БС}$

– тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түсетін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы кірісінің сомасы, ҚҚС-сыз теңгемен;

$W_{\text{қалд}}^{\text{БС}}$

– майнерлерді, жасыл энергияны тұтынушыларды, инвестициялық тарифті алушыларды, үкіметаралық тарифті алушыларды, гибридті топтардың әкімшілерін, атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың ең төменгі рұқсат етілген сағаттық көлемі сомасынан тыс тәуліктің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың жалпы көлемі бөлігінде (түзетулерді ескере отырып), кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді).

2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу шығындарының сомасы

 $(S_{\text{шығын}}^{\text{БС}})$

мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{шығын}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^a (T_{\text{рм.}i} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{рм.}i}) + \sum_{i=1}^b (T_{\text{жэо.}i} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{жэо.}i}) + \sum_{i=1}^c (B_{\text{осс.}i} * W_{\text{осс.}i}) + S_{\text{имп}}^{\text{БС}} + \Delta_{\text{қолд}}^{\text{жэк}}$$

мұндағы:

 $S_{\text{шығын}}^{\text{БС}}$

– алуға электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу шығындарының сомасы, ҚҚС-сыз, теңгемен;

 $T_{\text{рм.}i}$

– Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына шекті тарифінің мәні, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

 $W_{\text{рм.}i}$

– Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуаты нарығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы

сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі (қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын, генерациялайтын қондырғылар есебінен құру жоспарланған электр энергиясын сату көлемі) кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$T_{жэо.i}$

– құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына арналған шекті тариф мәні (электр энергиясы тиісті тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) теңгемен/кВт*сағ ҚҚС-сыз (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{жэо.i}$

– қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын адамдардың тиісті тобы шеңберінде электр энергиясы тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

Босс.і – і-ші энергия өндіруші ұйым электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына энергия өндіруші ұйымдар үшін сатқан электр энергиясының бағасы, ҚҚС-сыз, теңгемен/кВт*сағат (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{осс.і}$

– і-ші энергия өндіруші ұйым электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына энергия өндіруші ұйымдар үшін сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$C_{сағ}$

– осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлеме;

$\sum_{i=1}^a, \sum_{i=1}^b, \sum_{i=1}^c$, – і бойынша қосынды;

і – 1-ден сәйкесінше а, b, c-ге дейін өзгеретін реттік нөмір;

а – электр қуаты нарығында Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы бір

немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

b – энергия сатып алушыға дәл осы тәуліктің сағатына электр энергиясын сатқан, қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын топ құрамындағы тұлғалар шеңберінде электр энергиясы тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдардың саны;

c – электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

$\Sigma_{\text{имп}}$

– тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушы шығындарының сомасы, ҚҚС-сыз, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{қолд}}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде пайда болған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындар, теңгемен, ҚҚС-сыз (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{қос}}$

– Қосымша шығындар, электр энергиясының бірыңғай сатып алушысында есептік кезең (күнтізбелік ай) ішінде тәуліктің нақты сағаты бойынша электр энергиясын беру қызметтеріне ақы төлеу себебінен Заңның 19-1-бабының 3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу себебіне байланысты есептік кезең (күнтізбелік ай) ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің нақты сағатында пайда болған қосымша шығындар, электр энергиясын экспорттауға байланысты электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты туындаған шығындар, орталықтандырылған сауда нарығы операторының алдында электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындары, шетел валютасында импорттық және экспорттық электр энергиясы бойынша шарттық қатынастарды жүзеге асыру шеңберінде шетел валютасында туындаған шығындар, сондай-ақ импорттық және экспорттық, электр энергиясы кезінде бюджетке төленетін тікелей міндетті шығындар – ҚҚС-сыз теңгемен.

2.1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алу шығындарының сомасы

$(S_{\text{имп}}^{\text{БС}})$

мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{имп}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^d ((B_{\text{имп.}i} + B_{\text{дисп}}) * W_{\text{имп.}i}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{имп}}^{\text{БС}}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алу шығындарының сомасы, ҚҚС-сыз, теңгемен;

$B_{\text{имп.}i}$ – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының i -шартында көрсетілген, II-ші шарттың талаптарына сәйкес бағам бойынша ҚҚС-сыз, теңге/кВт*сағ-қа айырбасталған, тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын сатып алу бағасы;

$B_{\text{дисп}}$ – тиісті есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін жүйелік оператор мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы арасында жасалған техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған тиісті шартта көрсетілген техникалық диспетчерлеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

$W_{\text{имп.}i}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған i -шарты бойынша тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^d$, – i бойынша қосынды;

i

– 1-ден d -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

d – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы шеңберінде тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған шарттарының саны.

2.2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде пайда болған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындар

$(\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{КОЛД}})$

, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{КОЛД}} = (\sum_{i=1}^P (B_{\text{жЭК}(1).i} * W_{\text{жЭК}(1).i}) + \frac{\sum_{i=1}^W (B_{\text{жЭК}(2).i} * W_{\text{жЭК}(2).i})}{N_{\text{ай}}} + \frac{s_{\text{жЭК}}^{\text{в.т.}} + s_{\text{жЭК}}^{\text{эТН}} + s_{\text{опер}}^{\text{БС}} + s_{\text{рез.кор}}^{\text{БС}}}{N_{\text{ай}}} - T_{\text{жасыл}} * \sum_{i=1}^e (W_{\text{жЭК}.i}^e))$$

$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{КОЛД}}$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде пайда болған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындары, ҚҚС-сыз, теңгемен, теңгемен;

$B_{\text{жЭК}(1).i}$

– жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған, жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңге/кВт*сағ-пен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(1).i}$

– жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйым жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты шеңберінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{жЭК}(2).i}$

– жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартының бағасы, ҚҚС-сыз, теңге/кВт*сағ-пен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(2).i}$

– жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйым жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес есеп айырысу-қаржы орталығымен

жасалған ұзақ мерзімді сатып алу шарты шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес тәуліктің осы сағаты кіретін есептік кезеңде (күнтізбелік айда) бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан электр энергиясының көлемі – электр энергиясын сату, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}}$

– электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты шығындары тиісті есептік кезең үшін (күнтізбелік ай), ҚҚС-сыз, теңгемен, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}} = T_{\text{ө.т/т}} * W_{\text{жЭК.нақты (ай)}}, \text{ мұндағы}$$

$T_{\text{ө.т/т}}$

– тиісті есептік кезең үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге Жүйелік оператордың тарифі, ҚҚС-сыз, теңге/кВт*сағ-пен;

$W_{\text{жЭК.нақты}}$

– жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін энергия өндіруші ұйымдардың желісіне жіберудің кВт*сағ-пен есептелген электр энергиясының нақты көлемі (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жЭК}}^{\text{ЭТН}}$

– электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (кірістерді шегергенде), тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін жұмсалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты шығындары ҚҚС-сыз, теңгемен;

$S_{\text{опер}}^{\text{БС}}$

– Қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезеңдегі (күнтізбелік ай) қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындары ҚҚС-сыз, теңгемен;

– Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14210 болып тіркелген) бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалатын, резервтік қорды қалыптастыруға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есептік кезеңдегі (күнтізбелік ай) нақты шығындары ҚҚС-сыз, теңгемен;

Най – тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік айда) сағат санын көрсететін өлшемсіз коэффициент;

Тжасыл – ЖЭК қолдау тарифін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын ҚҚС-сыз тәулік сағатына теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) берілген жасыл тарифтің нақты мәні

$W_{\text{жэ.к.}i}^{\text{жасыл}}$

– жасыл энергияның іІ-тұтынушысы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^p, \sum_{i=1}^w,$

$\sum_{i=1}^{\theta} i$

бойынша қосынды;

i ;

– 1-ден p, w және тиісінше, θ -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

p

